

Қордай ауылдық округінің Қордай ауылындағы Көше атауын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Қордай ауданы Қордай ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 237 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 17 шілдеде № 3914 болып тіркелді.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы ономастика комиссиясының 2018 жылғы 19 сәуірдегі қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Қордай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда –Жамбыл облысы Қордай ауданы Қордай ауылдық округі әкімінің 11.12.2018 № 710 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Қордай ауылдық округінің, Қордай ауылының көше атаулары өзгертілсін:

- 1) Украинская көшесі – Тараз;
- 2) 8 март көшесі – Балдаурен;
- 3) Спортивная көшесі – Шымбұлақ.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

Б. Сахатов